

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 24 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 44 хаттама

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі саясат

Астана қаласы, 2011 жыл

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі саясат (бұдан әрі – Саясат) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, корпоративтік басқарудың озық практикасы жөніндегі ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

2. Директорлар кеңесі мүшелерінің өздерін сайлаған сәтте жеткілікті тәжірибесі мен білімі болды деп күтіледі. Сонымен қатар, олар барлық саладағы сарапшылар болып табыла алмайды. Осыған орай «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі мүшелерінің білімін тұрақты кеңейту мен жаңартуды, сондай-ақ оларға Директорлар кеңесі құзыретіндегі жекелеген мәселелер бойынша сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы тарту мүмкіндігін беруді қажетті деп пайымдайды.

3. Осы Саясаттың мақсаты Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдыларын дамыту мен олардың біліктілігін көтерудің жүйелі, құрылымдалған және ашық тетігін енгізу жолымен Директорлар кеңесі шешімдерінің тиімділігі мен салмақтылығын арттыру және егер Директорлар кеңесі қарайтын мәселелер сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап еткен жағдайда, сыртқы сарапшыларды тарту құқығын іске асыру болып табылады.

4. Осы Саясат Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен бекітілген Директорлар кеңесі мүшелерінің олардың біліктілігін көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту бөлігіндегі құқықтары мен міндеттерінің аражігін ашады және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту туралы шешімдерді жоспарлау мен қабылдау тәртібін реттейді.

5. Осы Саясат Қоғамның атқарушы органының мүшелері болып табылмайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қолданылады.

2-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту бөлігіндегі құқықтары мен міндеттері

6. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі:

- осы Саясатпен белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғам қаржысының есебінен біліктілігін көтеруге;

- егер ол Қоғамның Директорлар кеңесі немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеті қарайтын мәселе сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап етеді деп пайымдайтын болса, осы Саясатпен белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғам қаржысының есебінен сыртқы сарапшыларды тартуға құқылы.

7. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі:

- тұрақты түрде, кемінде жылына 2 рет сыртқы және ішкі оқу бағдарламаларына, семинарларға (тренингтер), конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға қатысу арқылы, басқа да жалпы қабылданған біліктілікті көтеру нысандарын пайдаланып, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіндегі мәселелер бойынша және аралас мәселелер бойынша біліктілігін көтеруге;
- Қоғам Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үшін ұйымдастырылған ішкі және сыртқы оқу бағдарламаларына қатысуға;
- Қоғам қаржысының есебінен өзінің біліктілікті көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту құқығын іске асырған кезде осы Саясатта және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпті сақтауға;
- Қоғам қаржысының есебінен өзінің біліктілікті көтеру және сыртқы сарапшыларды тарту құқығын іске асырған кезде тараптардың тәуелсіздігі қағидатын басшылыққа алуға міндетті.

3-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру тәртібі

8. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған ішкі семинарлар (Қоғам қызметкерлерінің күшімен ұйымдастырылған семинарлар);
- сыртқы семинарлар (тренингтер);
- кәсіби мақалалар және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын басқа да ақпарат;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер және форумдар;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша біліктілікті көтерудің басқа да нысандары.

9. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтерудің жылдық жоспарын бекіту жолымен Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін жыл сайын бағалау нәтижелері бойынша немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің сұрауы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеруде анықталған қажеттілік негізінде Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін жалпы көтеру немесе оның жекелеген мүшелерінің біліктілігін көтеру туралы шешімді басым дауыспен қабылдайды.

10. Қоғамның Директорлар кеңесінің тиісті сұрауында біліктілікті көтеру талап етілетін мәселе, біліктілікті көтерудің болжамды нысаны және мұндай қызметтерді көрсететін болжамды ұйым көрсетілуі тиіс.

11. Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесін Қоғам қызметкерлерінің күшімен Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған ішкі семинарды (тренинг) ұйымдастыру мүмкіндігі туралы ақпараттандырады.

12. Қоғамның Директорлар кеңесі шығыстар салыстырымының және Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіздігіне біліктілікті көтерудің түрлі нысандарының әсер ету қаупін бағалау негізінде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеру нысаны туралы шешімді басым дауыспен қабылдайды.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілікті көтеру құқықтарын іске асыру мақсатында Қоғамның жылдық бюджетінде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеруге арналған жеке бап көзделеді.

14. Қоғамның Басқарма төрағасы мен Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін көтеруге ықпал ететін ақпаратты тұрақты ұсынуды ұйымдастырады. Атап айтқанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне баспасөз шолуларын дайындау және оларға Қоғамның қызметі мәселелері және аралас мәселелер жөнінде кәсіби мақаларды жіберу жолымен.

15. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған сыртқы семинарлар (тренингтер) ұйымдастырған кезде тараптардың тәуелсіздігі қағидаты қамтамасыз етілуі тиіс.

4-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің сыртқы сарапшылар тартуы тәртібі

16. Қоғамның Директорлар кеңесі егер Қоғамның Директорлар кеңесі қарайтын мәселе сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап еткен жағдайда, Қоғам қаржысының есебінен Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұрауы бойынша немесе Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің ұсынымы бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіндегі жекелеген мәселелер жөнінде консультация алу үшін сыртқы сарапшыларды тарту туралы шешімді басым дауыспен қабылдайды.

17. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің тиісті сұрауында немесе Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің ұсынымында консультация қажет мәселе және кәсіби консультация алу болжанған ұйым көрсетілуі тиіс.

18. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелернің сыртқы сарапшыларды тарту құқықтарын іске асыру мақсатында Қоғамның жылдық бюджетінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үшін сыртқы сарапшыларды тартуға арналған бап көзделуі тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үшін сыртқы сарапшыларды тартуға арналған баптың шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үшін сыртқы сарапшыларды тартуға арналған кіші бап бөлінуі тиіс.

19. Қоғам қаржысының есебінен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіндегі жекелеген мәселелер жөнінде консультация алу үшін сыртқы сарапшыларды таңдау кезінде тараптардың тәуелсіздігі қағидаты қамтамасыз етілуі тиіс.

20. Қоғам қаржысының есебінен Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіндегі жекелеген мәселелер жөнінде консультация алу үшін сыртқы сарапшыларды тарту Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша жүзеге асырылмайды.

5-тарау. Қорытынды ереже

21. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Саясаттың тиімділігін бағалайды және қажет жағдайда оған толықтырулар мен өзгерістер енгізеді.